

Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің ерекше үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 92-НҚ бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 69-бабының 2-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) ерекше үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормалары бекітілсін.

2. Агенттіктің Әкімшілік департаменті:

1) осы бұйрықты Агенттіктің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты іске асыру тиісті кезеңге арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүзеге асырсын;

3) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне қосу және ресми жариялау үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін;

4) осы бұйрықты Агенттіктің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Д. Малахов

Қазақстан Республикасы

Қаржылық мониторинг агенттігі

Төрағасының бұйрығымен бекітілген

2024 жылғы "2" сәуірдегі

№ 92-НҚ

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ерекше үй-жайлары үшін алаңдардың заттай нормалары

№	Үй-жайдың атауы	Өлшем бірлігі	Бөлменің ауданы
---	-----------------	---------------	-----------------

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің орталық аппараты

1	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы және химиялық құралдарды сақтауға арналған үй-жай	ш.м	16 дейін
2	Кезекші бөлімді орналастыруға арналған үй-жай	ш.м	50 дейін
3	Ұсталған адамдарды уақытша ұстауға арналған үй-жай	ш.м	25 дейін
4	Тергелгендерден жауап алуды жүргізуге арналған үй-жай	ш.м	25 дейін
5	Заттай дәлелдемелерді сақтауға арналған үй-жай	ш.м	50 дейін
6	Құпиялық белгісі және ҚБПУ бар құжаттармен және картотеканы сақтауға және жұмыс істеуге арналған үй-жай	ш.м	300 дейін
7	Полиграфиялық зерттеу жүргізуге арналған үй-жай	ш.м	10 дейін
8	Психологиялық түсіру үй-жайы	ш.м	50 дейін
9	Жеке істер қоймасы	ш.м	50 дейін
10	Тестілеуге арналған компьютерлік сынып	ш.м	24 дейін
11	Кәсіптік даярлауға және аттестаттауға арналған оқу сыныбы	ш.м	24 дейін
12	Дене шынықтыру үй-жайы	ш.м	1500 дейін
Зерттеу жүргізуге арналған зертханалар			
13	Экономикалық зерттеулері	ш.м	23 дейін
14	Тауарлық зерттеулері	ш.м	23 дейін
15	Құрылыс зерттеулері	ш.м	23 дейін
16	Компьютерлік-техникалық зерттеу	ш.м	19,4 дейін
17	Криминалистикалық зерттеулер (ТИД, қолжазба, трасология, баллистика және басқалар)	ш.м	48 дейін

18	Фонографиялық зерттеу	ш.м	29,5 дейін
19	Зерттеу объектілерін қабылдауға және қарауға арналған үй-жай	ш.м	20 дейін
20	Байқау өндірістерін сақтауға арналған үй-жай (мұрағат)	ш.м	36 дейін
Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің аумақтық бөлімшелері			
1	Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы және химиялық құралдарды сақтауға арналған үй-жай	ш.м	16 дейін
2	Кезекші бөлімді орналастыруға арналған үй-жай	ш.м	50 дейін
3	Ұсталған адамдарды уақытша ұстауға арналған үй-жай	ш.м	25 дейін
4	Тергелгендерден жауап алуды жүргізуге арналған үй-жай	ш.м	25 дейін
5	Заттай дәлелдемелерді сақтауға арналған үй-жай	ш.м	50 дейін
6	Құпиялық белгісі және ҚБПУ бар құжаттармен және картотеканы сақтауға және жұмыс істеуге арналған үй-жай	ш.м	300 дейін
7	Полиграфиялық зерттеу жүргізуге арналған үй-жай	ш.м	10 дейін
8	Психологиялық түсіру үй-жайы	ш.м	30 дейін
9	Жеке істер қоймасы	ш.м	50 дейін
10	Тестілеуге арналған компьютерлік сынып	ш.м	24 дейін
11	Кәсіптік даярлауға және аттестаттауға арналған оқу сыныбы	ш.м	24 дейін
12	Дене шынықтыру үй-жайы	ш.м	300 дейін
Зерттеу жүргізуге арналған зертханалар			
13	Экономикалық, құрылыс және тауарлық зерттеулер	ш.м	23,2 дейін

14	Криминалистикалық зерттеулер (ТИД, қолжазба, трасология, баллистика және компьютерлік)	ш.м	48 дейін
15	Зерттеу объектілерін қабылдау және қарау, сақтау үшін үй-жай	ш.м	20 дейін

Ескертпе: жоғарыда көрсетілген тиістілік нормалары Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінде нақты үй-жайлардың болуына байланысты айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК